



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Гоббстың эмпиризмi және  
Локктың идеялары



Философия тарихшыларының XVII және XVIII ғасырлардағы британ философиясы мен континент философиясын бір-біріне қарсы қоюы жиі кездеседі: олардың ойынша, континенттіктер – ақыл-ой пайымдауына сенетін рационалистер, ал ағылшындар – сезімнің тәжірибесінен алынған білімге сүйенген эмпириктер. Британдық және континенттік эпистемологияның арасындағы нақты айырмашылықты бағалау үшін біз Гоббс ілімін мұқият зерттеуіміз қажет, ол британ эмпиризмiнiң негiзiн салушы атағына әдiл таласа алады.

Гоббстың «Левиафаны» «Сезімдер» тарауынан басталады, оның сыртында: «Адамның ақылында әуелі оның сезім мүшелерінде толығымен немесе бөлінген күйде туындамаған ұғым жоқ. Қалғанының бәрі осы түпнұсқадан алынған», – деген манифест менмұндалап тұр. Ақылдың басқа әрекеттері: ес, елестету және пайымдау толығымен түйсікке тәуелді. Елестету мен ес – екеуі бір нәрсе, атап айтсақ, ыдыраушы сезім:

«Біз оған алыстан қарап отырған нәрсенің көмескі болып көрінетіні, ұсақ бөлшектерін айыру мүмкін еместігі; алыстан естілген дауыстың әлсіз және сөздері түсініксіз екені сияқты, уақыт өтіп, біз одан алыстаған сайын өткенімізді елестетуіміз әлсіз, біз (мысалы) көрген қалаларымызды, жүрген көшелерімізді, іс-әрекеттерімізді, нақты жағдайларды жадымыздан жоғалтамыз» деп түсіндіреді.

«Пайымдаулар, – дейді Гоббс, – біздің ойларымызды белгілеп, білдіретін болып келісілген жалпы атаулардың салдарын мөлшерлеу; сондықтан ойлар ол үшін әрқашан түйсіктен алынған ойша бейнелер (есімдер мен заттардың) болып саналады. Олардың бәрі – қандай да бір сапаның көрінісі немесе сыртқы түрі, тәннің басқа жағдайы».

Гоббстың пікірінше, білудің екі түрі бар: деректі білу және салдарды білу. Салдарды білу – ненің неден туындайтынын білу: ол білгендеріміздің тұрақты реттілігін немесе реттілігінің тәртібін сақтайды. Бұл тілде шартты заңдар арқылы – «егер А болса, онда В» формасында білдіріледі. Біз куәгерден талап ететін білудің түрін – деректі білімді сезім мен ес береді. Қарапайым пайымдау бұрынғы немесе болашақ деректі толық білумен ешқашан аяқталмайды.

Сезімдік қабылдауға қабілетімізді белгілі бір кезеңде тікелей немесе жанама қолданбасақ, бізді қоршаған орта туралы мәліметке қол жеткізе алмайтынымыз туралы эмпириктердің тұжырымы дұрыс. Британ эмпиризмiнiң әлсiз тұсы мынада: олар қабылдаудың шын мәнін қарабайыр ұғынады және жеткілікті дәрежеде сипаттамайды. Гоббс мүлдем жоққа шығарған Аристотель дәстүрін ұстанған ойшылдар «біздің сезімдеріміз айыра білу қабілетіне ие» деп атап көрсеткен болатын: мысалы, бір түсті екіншісінен, әртүрлі дыбыстар мен дәмдерді айыра білу қабілеті және т.с.с. Олардың пікірінше, сезімдер тәжірибеде белсенді рөл атқарады: қабылдаудың кез келген нақты көрінісі (мысалы, қанттың түйірінің тәттілігін оның дәмін тату арқылы бағалау) дүниедегі зат (қанттың қасиеті) пен қабылдаушының қабілетінің (дәм сезу күші) арасындағы трансакция болып саналады. Гоббс пен оның ізбасарлары үшін сезіну, керісінше, енжар құбылыс – бейненің немесе қиялдың санада пайда болуы.

Гоббстың пікірінше, сезінудің белсенді элементі нақты өмір сүреді; алайда әңгіме нақты дүниедегі нағыз қасиеттердің айырмашылығын жіктеу туралы болып отырған жоқ, мәселе елес қиял саналатын заттарды дүниеге бағыттауда:

«Сезінудің, түйсіктің себебі – сыртқы дене немесе объект; ол әрбір сезімге сәйкес мүшеге қысым түсіріп немесе дәм сезу мен сипай сезуге әсер еткен сияқты тікелей; немесе көру, есту және иіс сезудегі сияқты жанама әсер етеді: жүйке тамырлары және басқа тамырлар мен дененің жарғақшалары арқылы ішке, миға, жүрекке жетеді, осы жерде қарсы қозғалыс, әлде қарсы қысым жүректің күш жұмсауын туындатады, сыртқа қарай бағытталатындықтан, тыста орналасқан бірдеңе сияқты болып көрінеді. Осы елесті адамдар сезім, түйсік деп атайды; ол көзге – жарық немесе түс, құлаққа – дыбыс, танауға – хош иіс; тіл мен дәм сезуге – жағымды дәм, ал дененің қалған бөліктеріне ыстық, салқын, қатқыл, жұмсақ және тағы басқа біз сезінетін қасиеттер болып әсер етеді. Біз сезімдер деп атайтын осы қасиеттер оларды туындататын объектіде орналасқан, бірақ материя олар арқылы біздің мүшелерімізге әсер ететін қозғалыстардың саны көп».

Гоббстың түйсікті түсіндіруі рационалист Декарттың түсіндірмесімен бірдей. Екеуі де түс пен дәм сезу сияқты қасиеттерді алдамшы тәжірибе, жеке сананың элементтері ғана деп есептейді: Гоббс үшін – «фантазия», Декарт үшін – «пайымдау». Екінші дәрежелі қасиеттердің субъективтілігін көрсету үшін Гоббс Декарттың дәйектеріне ұқсас дәлелдерді қолданады: біз



түстерді сәулелерде көреміз; көзге бағытталған соққы бізді жұлдыздарды көруге мәжбүрлейді және т.с.с. Декарт тәрізді, Гоббс та біздің сезімдік тәжірибеміздің, ойша бейнелеріміз бен армандарымыздың арасында ішкі айырмашылық жоқ деп есептейді. Бұл Декарттың «тіпті денем мен сыртқы дүние жоқ болса да, өз ойларымының мазмұнына сенімдімін» дегені сияқты, Гоббс та дүние жойылғанымен, біздің бейнеміз сол күйінде қалар еді деп тұжырымдайды.

Декарт пен Гоббсқа ортақ қателік – олардың сезімдік қасиеттердің объективтілігіне шабуыл жасауы, салыстырмалылық пен субъективтілікті шатастыруы. Сезімдік қасиеттердің салыстырмалы екені, яғни сезімдік қабылдауларға тәуелді екені рас. Белгілі бір қасиетке ие зат адамға немесе жануарға әсер ете алады; оның нақты әсері белгілі бір шарттар мен жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Алайда қасиеттің салыстырмалы сапа екені – ол объективті сапа емес дегенді білдірмейді. «Жерден үлкен болу» салыстырмалы сапа болып саналады; алайда Күннің Жерден үлкен екені – объективті факт.

Гоббстың Декарттан айырмашылығы – ол зерде мен елестетуді бөлек қарастыруға мән бермейді. Егер зерде, шамалап айтқанда, тілді қолданып, түсіну қабілеті болса, онда бұл – санадағы бейнелерден мүлдем бөлек нәрсе. Декарт зерде мен елестетудің арасындағы айырмашылықты алтыншы «Толғаныстың» мына бір үзіндісінде тамаша көрсетті:

«Үшбұрышты елестеткенде, мен оның үш сызықпен қоршалған фигура ғана емес екенін түсініп қана қоймаймын; менің санамда пайда болған үш сызықты да көремін, менің оларды елестетуім деп атайтын нәрсе – солар. Енді, егер мен чилиагон туралы ойлағым келсе, үшбұрыш – үш қабырғадан тұратын фигура екенін түсінетінім сияқты, оның мың қабырғасы бар фигура екенін түсінемін; алайда мың қабырғаны елестете алмаймын немесе көре алмаймын».

Гоббс еш жерде де осылайша айырып көрсетпейді және Декарт елестету деп атаған нәрсемен ақылды жүйелі түрде тең қарастырып отырады. Шын мәнінде, Гоббс тілдің интеллектуалдық қызметтегі рөлі туралы білді және оның адамзатты басқа мақұлықтардан жоғары қоятын артықшылық екенін көре алды. Мысалы, ол былай деп жазды:

«Атаулардың артықшылығы – біз олардың арқасында ғылымға қабілеттіміз, атауларды қолданбайтын аңдарда мұндай қабілет жоқ: оларды қолданбайтын адам, біз бір, екі, үш деп атайтын реттілік сандарын білмейтін жас адам аң сияқты, демек, сөздер мен сандарды ауызша немесе ойша қайталамаған бір де бір адам алдында жатқан ақшаның немесе заттың шамасын білмейді».

Алайда ол ақыл арқылы өтетін бейнелер легі заттардың емес, атаулардың бейнелерінен тұрады деген дерек қиялдың ағынын зерденің амалына айналдыру үшін жеткілікті деп жазды. Бірақ ойша бейнелер тұрғысынан түсіндірулердің ешқайсысы Гоббс пайымдауларының сүйікті парадигмасын – қарапайым арифметиканы да түсіндіре алмайды. Егер 97-ні 62-ге қосқым келсе, мен кез келген санның ойша бейнесін елестете алмаймын; егер мен менталдық арифметиканың ұзақ та қиын үдерісінен өтпеген болсам, маған сандардың өздерінің ойша бейнелері де көмектесе алмайды. Бейнелердің пайда болуы бұл үдерісті түсіндірмейді, бейнелер осы үдерістің салдары ретінде ғана арифметикалық мақсаттарға пайдалы.

## Локктың идеялары

Эмпиризмді Гоббс ұсынғандай дәрекі және қатаң формада негіздеу жиі кездесе бермейді, сондықтан Джон Локктың танымалдау және көпшілік көбірек қабылдаған түсінігіне назар аударудың кезегі келді. Локк пен Декартты бір-біріне ұқсамайтын екі бағыттың өкілдері ретінде жиі салыстырады, алайда іс жүзінде олардың көзқарастары ортақ. Локк өз жүйесін «идеяларға» негіздейді, оның «идеялары» Декарттың «ойларына» өте ұқсас. Екі философ та әуелі санадан бастайды: идеялар мен ойларға біз өзімізге үңілгенде тап боламыз. Екі философ та өздерінің түйін терминдерінің қауіпті екіұштылығын түсіндіруге келгенде жеңіліске ұшырайды, олардың эпистемологиясы мен сана философиясына зиянын тигізіп тұрған да осы.

Мысалы, Локк ілімінде «идея» объектіні (қабылданатын немесе ойланылатын) білдіре ме, әлде іс-әрекетті аңғарта ма (қабылдау немесе ойлау акты) – мұны анықтау көбіне қиынға түседі. Локктың пікірінше, идея – ойлау үдерісінде ақылды қолдануға болатын нәрсе. Маңызды екіұштылық «ақылды қолдануға болатын» деген сөз тіркесінде жатыр, бұл ақыл ойлайтын



нәрсені (объектіні) де, ақыл жасайтын нәрсені де (іс-әрекет) білдіруі мүмкін. Локк «жасыл түс – дүниенің объектісі ме, әлде ақылдың жемісі ме?» деген сауалға жауап іздегенде, көпмағыналық өзінің зиянын тигізеді.

Локк Декартқа жиі қарсы шыққанымен, өз философиясының өзекті сауалдарының басым бөлігін содан алады және жан-жақты қарастырады: жануарларды машина деп санауға бола ма? Жан ылғи да ойлай ма? Материясыз кеңістік болуы мүмкін бе? Туа біткен идеялар бар ма?

Соңғы сұрақ көбіне шешуші мәселе ретінде қабылданады: философтың жауабы оның рационалист немесе эмпирик екенін көрсетеді. Алайда бұл – жай сұрақ емес. Егер біз оны әртүрлі мағыналары бойынша бөлсек, Локк пен Декарт ұстанымдарының арасында айтарлықтай алшақтық жоқ екенін көреміз.

Біріншіден, біз: «Сәби анасының құрсағында жатқан кезінде ойлай ма?» – деген сұрақ қоя аламыз. Декарт сияқты, Локк та әлі дүние есігін ашпаған сәбилерде ауырсыну немесе жылуды сезіну секілді қарапайым ойлар мен идеялар бар деп сенді. Локк алманың от емес екенін білетін сәби қайшылықтардың жоқтығы принципімен келіседі деген ойды күлкіге айналдырады. Алайда Декарт, Локк сияқты емес, сәбилерде философиялық күрделі ойлар бар дегенге онша сенбеді. Сәбидің өздігінен айқын принциптер туралы туа біткен түсініктері – оның тұқым қуалау арқылы берілетін құяң ауруына бейімділігі сияқты ғана.

Осы тұрғыдан алғанда біз бұл сұрақты ойлаудың қызметі деп емес, ойлай білу қабілеті ретінде қарастыра аламыз. Адамдарға ғана тән, олардың бәріне ортақ туа біткен түсіну қабілеті бар ма? Декарт та, Локк та «иә» деп жауап береді. «Адам парасаты туралы тәжірибе» дәл осы түсіну қабілеті адамдарды басқа ақылды мақұлықтардан жоғары қояды деген тұжырымнан басталады.

Локк назарын түсінуге деген жалпы қабілетке емес, «бірге екінші қосқанда үш болады», «бір нәрсенің болуы да, болмауы да мүмкін емес» деген секілді белгілі бір нақты тұжырымдарды мақұлдауға аударады. Осындай ақиқаттарды мақұлдауымыз тәжірибеге тәуелді ме? «Жоқ, олар біз мойындайтын туа бітті принциптер», – дейді Декарт. Алайда Локк олар тәжірибеге тәуелді деп ойламайды; оның пікірінше, тәжірибе бізге тұжырымдарды қалыптастырған соң мақұлдауымызды қамтамасыз ету үшін емес, осы тұжырымдарды құрастыратын тұжырымдамалар ұсыну үшін қажет. «Адамдар Сөздерді күмәнсіз ақиқаттар ретінде мойындау үшін түсінгеннен соң-ақ ендігі жерде ешқашан жеңіліске ұшырамайды». Екінші жағынан, Декарт туа бітті идеялардың бәрін түсінілген бойда-ақ мақұлданған принциптер демейді: олардың кейбірі көп еңбектенгеннен соң ғана мақұлдауды талап етеді және айқын да анық идеяларға айналады.

Локк өзінің туа бітті идеяларды талдауының басым бөлігін «жалпы мойындауды талап ететін қандай да бір, мейлі, теориялық немесе практикалық болсын, принциптер бар ма?» деген сұрақтың төңірегіне құрады. Ол адамдардың бәрі, балалар мен жабайыларды қоса алғанда, ұстанатын қандай да бір теориялық принциптер бар дегенді теріске шығарады. Практикалық принциптерді қарастыра отырып, ол барлық өркениетті христиандар үшін іргелі болып есептелетін ең негізгі, мысалы, «Ата-аналар өз балаларын қорғап, мәпелейді» деген сияқты моральдық принциптерді бұзудың мысалдарын әртүрлі мәдениеттен өзі іздеп табады. Олар тіпті жалпы мойындалған ақиқат болған күнде де, олардың туа бітті принциптер екенін дәлелдеуге бұл жеткіліксіз болар еді, себебі түсіндіру – оқытудың жалпы үдерісі болуы мүмкін.

Бірақ Декарт «жалпы мойындау – туа біткендікті білдірмейді» дегенмен келісе алады, сонымен қатар «туа біткендік жалпы мойындауды білдірмейді» дегенге қарсы шыға алады. Оның әдісінің негізгі принципі – кей адамдар, шындығында, адамдардың көбі, наным-сенімдері мен жалқаулығының кесірінен өздерінің санасында жасырын жатқан туа бітті принциптерді мойындауға жете алмай қалады.

Туа бітті идеялар тақырыбы бойынша Локк пен Декарттың дәлелдері бір-біріне едәуір ұқсас. Декарт тәжірибе туа бітті элементсіз ғылыми білімнің интуитивті негізі деп тұжырымдайды; ал Локк тәжірибе болмаса, туа бітті тұжырымдамалар біздің дүние туралы білетіндерімізді түсіндіре алмайтынына сенімді. Екі тұжырым да дұрыс бола алады.

Локктың пікірінше, рационалистердің дәлелдері «заттардың түстері, дыбыстар, дәм сезу, сандар туралы біздің идеяларымызды туа бітті деп болжауға мәжбүрлер еді, ал ақыл мен тәжірибеге бұдан артық қарама-қарсы ештеңе жоқ». Декарт нақты алманың түсі немесе дәмі





туралы біліміміздің туа біткеніне сенбеді; алайда ол Локктың өзі қабылдаған, атап айтсақ, «осындай қасиеттер туралы түсініктеріміз толығымен субъективті» деген себеп бойынша, қызарудың немесе тәттіліктің туа біткені туралы жалпы идеяда абсурд ештеңе жоқ деп есептеді. Рационализм мен эмпиризмнің арасындағы үстірт таласты іргелі келісім тағы да жасырып тұр.

Локктың түс пен дәм сезу сияқты қасиеттердің субъективтілігі туралы дәйектемесі біздің санамызға бір ғана түйсік жеткізетін идеялар мен бірнеше түйсік жеткізетін идеялардың арасын айырудан басталады. Дыбыстар, дәм сезу мен иіс сезу – бірінші түрге жататын мысалдар; сонымен қатар бұған кіретіндер – «ақ, қызыл, сары, көк секілді түстер; олардың бірнеше реңктері мен қоспалары, мысалы, жасыл, алқызыл, күлгін, теңіз түсті көгілдір және тағы басқалары». Бірнеше түйсік арқылы алынатын идеялардың мысалы ретінде Локк кеңөрісті, форманы, қозғалыс пен тыныштықты атайды, оларды біз көріп те, сезініп те біле аламыз.

Идеялардың екі түрі арасындағы осы ерекшелікке сәйкес, денелерден табуға болатын қасиеттердің арасындағы айырмашылықтар анықталады. Біз идеяларды айыра білуіміз керек, себебі олар – материяның денелердегі модификациясы, санада қабылданады және осы қабылдауларды туындатады; идеяларымыздың оларды туындататын денелердегі әлдененің дәл бейнесі екенін өзінен-өзі бола қалатын нәрсе деп есептемеуіміз керек. Біздің санамызда идеялар туындату қабілетін Локк «қасиеттер» деп атайды. Бірнеше түйсік арқылы сезілетін қасиеттерді ол «бірінші қасиеттер» деп, ал бір ғана түйсік қабылдайтын сапаны – «екінші қасиеттер» деп атайды. Бұл айырмашылық жаңалық емес еді: Аристотельдің өзі «жалпы сезімдер» («бірінші қасиеттер») және «дұрыс сезімдер» («екінші қасиеттер») деп бөлген болатын.

Нағыз сезімталдықтың объективтілігін терістей отырып, Локк Аристотельден алшақтайды. Осы тұрғыдан алғанда, ол қабылдау туралы ғылыми баяндай отырып, тек бірінші қасиеттерге ғана сүйену керек деп тұжырымдаған Декарттан асып түсті. Басқаша айтсақ, жылылық, түстер және дәм сезулер тек санада ғана, сондай-ақ «ыстық денеде менің жылу туралы идеямнан бірдеңе бар» немесе «жасыл затта менің түйсігімдегімен бірдей жасылдық бар» деп ойлау – қате болар еді. Бізді көруге, естуге немесе дәм сезуге мәжбүрлейтін дене құбылыстары – материяның қозғалыстары. Осы қорытындыны қолдау үшін Локк Декарттың ойларына ұқсас пікір ұсынады, бірақ оның дәйектеу жүйесі тұрақтырақ.

Біріншіден, Локк тек бірінші қасиеттер ғана өз иелерімен ажырамас байланыста деп тұжырымдайды: денеде иіс пен дәм болмауы мүмкін, бірақ формасы мен өлшемі жоқ дене болуы мүмкін емес. Егер тарының дәнін алып, оны қайта-қайта бөлсек, ол өзінің түсі мен дәмін жоғалтуы мүмкін, бірақ кеңөрісін, формасы мен ширақтығын сақтап қалады. Декарт осыған ұқсас дәйекті қолданды, бірақ мысал ретінде тарыны емес, тасты алды, бұл дененің мәнінің бөлігі кеңөріс қана екенін дәлелдеу үшін қажет еді.

Қандай да бір дене туралы идеямызды, мысалы, тасты бақылауымызға алып, біз одан дененің табиғатына байланысты емес нәрселердің бәрін алып тастауға тиіспіз. Әуелі оның мығымдығын терістейміз; себебі тас балқытылған немесе ұсақ ұнтаққа бөлінсе, ол дене ретіндегі қабілетін сақтай отырып, өзінің осы қасиетін жоғалтады. Біз түсті де терістейміз: мөлдірлігі соншалық, түсі жоқ деп сипаттауға болатын тастарды жиі кездестіреміз.

Біз мұндай дәйектерді не істеуіміз керек? Дене белгілі бір формаға ие болатыны рас, бірақ кез келген нақты форма жоғалуы мүмкін. Басқа бір жерде Декарттың есімізге салғанындай, балауыздың формасы кубтан дөңгелек түрге айнала алады. Локктың екінші қасиеттерге қатысты айтқанын кейбір бірінші қасиеттерге де айтуға болады. Қозғалыс негізгі қасиет болып саналады, бірақ дене қозғалмайтын болуы мүмкін. Шынында да қозғалыс пен тыныштық, Локк айтқандай, бірінші қасиеттер жұбы ретінде қарастырылуы керек болса, денеге кез келген уақытта олардың бірі жетіспеуі тиіс.

Бірінші қасиеттердің тұрақтылығы туралы дәйек, шамасы, оларды жалпылауға байланысты: дене қандай да бір ұзындыққа, қандай да бір енге, қандай да бір биіктікке ие болуды тоқтата алмайды. Басқа қасиеттердің тұрақсыздығы туралы дәйек, шамасы, оларды таңдауға байланысты: дене өзінің ерекше түсін, иісін немесе дәмін жоғалтуы мүмкін. Дененің дәмсіз, иіссіз және көзге көрінбейтін болуы ықтимал екені рас, алайда дененің ешқандай кеңөрге ие болмауы мүмкін емес. Бірақ осындай қасиеттер денелердің маңызсыз қасиеттері болып есептелетіні – олар денелердің нағыз қасиеттері саналмайды деген сөз емес. Дененің куб формасын жоғалта алатыны осы куб формасының, ол өзін сақтағанша, дененің нағыз қасиеті еместігін көрсетеді.



Локктың айтуынша, екінші қасиеттер – біздің бойымызда түйсік туындату қабілеті. Біз мұны шындық немесе ең құрығанда, ақиқатқа жақын деп мойындаған күнде де, бұл екінші қасиеттер оларға ие болып отырған объектілердің нағыз қасиеттері емес, жай ғана субъективті қасиеттері дегенді білдірмейді. Параллель мысалды алсақ, улы болу – тірі мақұлықтың бойында белгілі бір әрекет туындату қабілеті; алайда бұл объективті материя, осы нақты ағза үшін бір нәрсе улы ма, жоқ па дегенді анықтауға болатын мәселе. Бұл жерде біз, Декарт пен Гоббстың теориясындағы секілді, салыстырмалылық пен субъективтіліктің арасын шатастыруға тап боламыз. Қасиет кемел бола отырып, салыстырмалы да болуы мүмкін. Кілттің құлыпқа сәйкес келуі – қарапайым факт және Локктың замандасы Роберт Бойл ескерткендей, екінші қасиеттер – нақты құлыптарға сәйкес келетін кілттер, ал құлыптар – адамның әртүрлі сезімдері.

«Қандай да бір сезімдер қабылдай ма, жоқ па, оған қарамастан, оттың немесе қардың бөліктерінің белгілі бір массасы, саны, фигурасы және қозғалысы шынында да олардың бойында бар», – деді Локк. Екінші жағынан, денедегі жарық, жылу, ақ түс, салқындық іс жүзінде дерттен немесе тамақтың ішімізді ауыртатын ауруынан көп емес. Олардан түйсікті алып тастаңыздар; көз жарықты немесе түстерді көрмесін немесе құлақ дыбыстарды естімесін; олар осындай нақты идеялар болғандықтан, дәмдер де, иістер мен дыбыстар да жоғалып, тоқтасын». Бұл дәйек Локктың жаңа ғана айтқан «екінші қасиеттер – объектілердің біздің бойымызда түйсік тудыру қабілеті» деген ойына сай келмейді. Әрине, бұл қабілет сезім мүшелерінің қатысуымен ғана жүзеге асады; алайда қабілеттер оларды жүзеге асырмағанда да сақтала береді (көбімізде «Соқыр үш тышқанды» оқу құқы бар, алайда оны сирек қолданамыз).

«Локктың тұжырымдауынша, бойымызда екінші қасиеттер идеясын туындататын – қабілеттерге ие объектінің бірінші қасиеттері. Мысалы, жылу сезімін басқа бір белгісіз дененің өте ұсақ бөлшектері туындатып, денеміздің ұсақ бөлшектері қозғалысының күшеюіне немесе азаюына әкеледі. Алайда осы жылу сезімінің қалай туындайтынының нағыз түсіндірмесі болған күнде де, түйсіктің өзі – жүйкеміздің ұсақ бөлшектері қозғалысының түрі және деңгейі ғана деген қорытынды жасаудың қажеті қанша?» Осы сияқты қорытындының жалғыз негіздемесі – мұндайды туындататын архаикалық принцип сияқты. Алайда Локктың өзінің мысалын алсақ; зат өзі ауру болмаса да, ауру туғыза алады.

Локк ақ түстілік пен салқындықтың объектілер екенін терістейді, себебі, оның пікірінше, біздің санамыздағы идеялар мен денедегі қасиеттердің арасында ешқандай ұқсастық жоқ. Бұл байлам идея тұжырымдамасының ең басында айтқан екіұштылыққа қатысты. Егер көгілдірлік идеясы көгілдір түсті қабылдау әрекетінің мысалы болса, скрипкада ойнау скрипканы еске салады деп күту сияқты, идея түсті еске салатын болды деп күтуге еш негіз жоқ. Екінші жағынан, көгілдірлік идеясы – қабылданатын нәрсе болса, онда мен дельфиниумды көргенде, идея – көгілдірліктің бейнесі емес, көгілдірліктің өзі. Локк мұны дәлелдеуге ұмтылып отырмын деп болжамдап қана терістей алады.

### **Локктың соңғы дәйегі – қабылдау мен сезім арасындағы аналогия**

«Оттың белгілі бір қашықтықта біздің бойымызда жылу сезімін, ал жақындап келгенде – мүлдем басқаны: ауырсыну сезімін туындататынына назар аударған адам от туындатқан жылу идеясы шынымен де оттың бойында орналасқан, ал сол от дәл сол әдіс арқылы туындатқан ауырсыну идеясы оттың бойында емес деп тұжырымдауына қандай негіз бар екені туралы ойлануы тиіс».

Аналогия дұрыс қолданылмай тұр. От ыстық қана емес, ол ауыртады да. «Ауыртып тұр» дей отырып, ешкім де «ауруды сезініп тұрмын» деп айтпайды; дәл сол сияқты, «ыстық» дей отырып, «жылыны сезіндім» демейді. Егер Локктың дәлелі іске қосылса, ол оның өзіне қарсы шығар еді. Оның мысалын алып қарастырсақ, ол мынадай: «Мен өзімді пышақпен кескенде, пышақтың қисық сызығын, сонымен қатар ауырсынуды сезінемін» – бұл «қозғалыс та екінші қасиет саналады» дегенді білдіре ме?

Үйреншікті мысалдарға сүйене отырып, Локк бір объекіден туындайтын түйсіктер жағдайға байланысты өзгеріп отырады деп сенімді түрде мәлімдейді (жылы суға салқын қолыңызды салсаңыз, су ыстық сияқты болып, ал ыстық қолыңызды салсаңыз, салқын сияқты болып



көрінеді, біз порфирде, яғни жанартау тасында көріп отырған түстер оған түсіп тұрған жарықтың шамасына және біздің оған алыс немесе жақын орналасқанымызға байланысты. Бірақ бұдан шығатын мораль екінші қасиеттер объективті емес дегенді білдірмейді. Шөп – көк, бәрі керемет; алайда «көк» – Локк ойлағандай, жеке тәжірибенің атауы саналмайды, көк болу – қарапайым ғана қасиет емес, ол – күрделі, жарықтың белгілі бір жағдайларындағы көк түс.

## Гносеологиялық мәселелер

Өзінің таным теориясында Дж.Локк сезімдік таным (сенсуализм) білімнің қайнар көзіне жатқызады. Сондықтан «адаммен туа біткен идеялар» жөніндегі ағымдарды сынға алады. «Егер біз қандай да болмасын білімнің пайда болған жолын көрсетсек, онда біз оның туа бітпегенін дәлелдейміз», – дейді Дж.Локк. «Туа біткен білімді» сынау жолында ол балауса психологиясын, тарихи артта қалып қойған қоғамдардағы адамдар психологиясындағы ерекшеліктерге өз назарын аударады.

Мысалы, «бүтін бөлшектерден үлкен» бұл идея салыстырмалы және тәжірибеден туады. Ал «тепе-теңдік» заңымен «қайшылық заңын» алсақ, балалар бұл заңның не екенін білмейді. заңдар біздің жан-дүниемізге туа бітсе, онда оны сәби де, жеткіншек те білер еді ғой, – дейді Дж. Локк.

Дж. Локктың ойынша, қайсыбір білім, идеяның негізі тәжірибе жатыр. Ол саналы, иә болмаса бейсаналы жолмен біздің рухани өмірімізде жиналуы мүмкін. Сондықтан біздің жан дүниеміздегі неше түрлі ұғымдар мен идеялар, ғылым мен өнер бен бірге туа келмейді, ол өмірлік тәжірибе арқылы қалыптасады.

«Ұғымдар сияқты, моральдық нормалар да шынайы өмірде бірте-бірте қалыптасады, ғасырлар өткен сайын өмірдің өзгерістеріне сәйкес өзінің мән-мағынасын жетілдіріп отырады. Әртүрлі халықтардың моральдық нормалары, әдет-ғұрыптары бір-біріне ұқсас емес, бұл деректердің өзі бүкіл адамзатқа тән туа біткен моральдық құндылықтардың жоқ екенін көрсетеді. Адамдар Ізгілікті, жақсылықты жақтауы оның туа біткенінен емес, негізінен, оның пайдалығында жатыр», – дейді Дж.Локк.

Сонымен егер адамның жан дүниесінде ешқандай туа біткен идеялар болмағаннан кейін, оны «таза тақта» (*tabula rasa*) ретінде қарауға болады. Адам өмірге келіп, тәжірибе жинап, сол «таза тақтаға» жазады. Мұндай сырттан алынатын тәжірибені Дж. Локк сезімдік тәжірибе (*sensation*) дейді.

Ал адамның ішкі рухани өміріндегі тебіреністерді, неше түрлі қиял идеяларды қайда жібереміз? Әрине, Дж. Локк оларды теріске шығармайды. Ол оның бәрін терең ішкі тәжірибе, сезім, ой-өрісі ретінде қарайды да, оған рефлексия (*reflection* – бейнелеу) деген ат береді. Егер сыртқы тәжірибеден алған идеяларға біз көзбен көру, құлақпен есту, иісті сезіну т.с.с. арқылы келсек, ішкі тәжірибе адамның өзінің ішкі ой-өрісін талдау арқылы келеді.

Ал енді осы екі тәжірибенің қарым-қатынасы қандай? Әрине, уақыт тұрғысынан алғанда, сыртқы тәжірибе алғашқы, әсіресе адамның сәбилік және жастық уақытында, негізінен, сыртқы тәжірибе басым болып, оның психологиясының қалыптасуына шешуші рөл атқарады, әрі қарай жүре келе, адамның әлеуметтік құрылымдағы орнына байланысты оның ішкі тәжірибесі: оның Дүние жөніндегі ойлары, үміті, күмәні, сенімі, қуанышы мен қайғысы т.с.с. пайда болады. Кейбір адамдардың ішкі рухани өмірі ерте кейбіреулерде өте кеш оянады. Ал уақытында дамымай қалып, надандықтың шеңберінен шыға алмағандардың тіпті ішкі өмірі оянбауы да мүмкін деген ойға келеді Дж.Локк. Мұндай терең пікірмен, жалпы алғанда, толығымен келісуге болады.

Сонымен қатар Дж. Локк терең ойшыл ретінде бұл мәселеге біржақты ғана қарап қоймай, салыстырмалы түрде алғанда, ішкі тәжірибенің дербес өмір сүре алатынына да біздің назарымызды аударады. Өйткені ішкі тәжірибе тұрақтылығы мен өзінің мәнділігі жағынан дербес өмір сүре алатын дәрежеге көтеріле алады.

Екінші жағынан алғанда, адамның ішкі өмірінің қалыптасуына туа біткен оның табиғи дарындары да зор әсерін тигізеді. Ал табиғи дарындарды алсақ, олар сыртқы тәжірибеге тәуелді емес және адамның іс-әрекетін, мамандығын таңдауда шешуші рөл атқарады. «Біркелкі тәрбие алған адамдардың әртүрлі қабілеттерінің бар екенін байқаймыз», – деп қорытады



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 19. Гоббстың эмпиризмi және Локктың идеялары

ойшыл. Олай болса, адамды тәрбиелеу жолында біз сыртқы тәжірибемен қатар ішкі тәжірибені де дамытуымыз керек. Бұл пікірмен тағы да келісуге болады.

Сонымен Дж. Локктың ойынша, танымның негізінде түйсіктер мен ойлау қабілеті жатыр. Ең алғашында олар Дүние жөніндегі тұрпайы идеяларды тудырады. Бұл жерде біз Дж. Локктың «идея» ұғымына жаңа мазмұн бергенін байқаймыз. Егер Платоннан бастап, Орта ғасырдағы схоластикада, Декартта идея ұғымына онтологиялық, яғни болмыстық дәреже берілген болса, – олар дербес өмір сүреді деп есептесе, Дж. Локк оларды тек Дүниенің кейбір жақтарын бейнелейтін ұғым, түйсік, тіпті қиял ретінде түсінеді.